



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

3. Товарооборот Казахстана и Индии в прошлом году превысил миллиард долларов/Оксана Давыдова/Республиканская общественно-политическая газета «Литер» газета 9 июля 2015;
4. Деловые круги Индии заинтересованы в развитии торгово-экономических связей с Казахстаном //iba- moscow.ru/cgi-bin/iba/news. — 2004. 19 сент;
5. Добыча урана // www.kazatomprom.kz;
6. Economic Survey 2007/08, Ministry of Finance, Government of India;
7. <http://www.isro.gov.in/irnss-programme>;
8. ИНДИЯ – КАЗАХСТАН: ПЕРСПЕКТИВЫ СТРАТЕГИЧЕСКОГО ПАРТНЕРСТВА Материалы международного семинара Алматы 2011;
9. Итоги пресс-конференции Национальной компании «Казатомпром» от 3 февраля 2009 г. // www.kazatomprom.kz;
10. Солнце, воздух и вода как альтернатива традиционной энергетике Казахстана // Международный деловой журнал KAZAKHSTAN. – 2006. – № 3.

ӘОЖ 332.135(4-15)

ЕУРОПАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ КЕЗЕҢДЕРІ

Балабек Жанар Жексенбекқызы

bzhanara96@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Халықаралық қатынастар факультеті, аймақтану кафедрасының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Ахмет Ә.С.

XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың алғашқы жылдарында халықаралық қатынас пен дүниежүзілік саяси процесс жүйесінің дамуын Еуропалық кеңістік сияқты негізгі және белгілі факторсыз көру мүмкін емес. Оның пайда болуын тарихтағы маңызды үрдіс деп атасақ та артық болмайды. Жарты ғасыр бойы созылып келген Еуропалық интеграцияның дамуы Еуропа кеңістігінде тауардың, капитал, адам және қызметтің еркін қозғалысына мүмкіндік беретін, яғни ортақ нарқтың пайда болуына жағдай жасауға тырысты. Бүгінгі Еуроаймақтың жағдайы ауыр болғанына қарамастан, бұл интеграциялық ұйымның ешбір теңдесі жоқ, дамуы бойынша барлық интеграциялық кезеңдерден өткен жалғыз ұйым екенін айтып өтуіміз керек.

Интеграцияның алғашқы кезеңі 50 жылдардың соңы – 70 жылдардың ортасы «қоғамдастықтың» алтын ғасыры болып табылады. ЕКББ жүзеге асырылуының сәттілігімен қанағаттанған алты мемлекет Еуропалық экономикалық қауымдастық (ЕЭҚ) құруға ниет білдірді [1]ЕЭҚ мүше мемлекеттердің әлемдік соғыстардан зардап шеккен экономикаларына жәрдем беру мақсатында 1957 жылғы Рим келісімінен сәйкестікте ұйымдастырылып, мүшелердің арасында тікелей экономикалық қарым-қатынастар мен ортақ ішкі нарықты құруды көздеді. Ол Кедендік одақтың мерзімінен бұрын құрылуымен, бірыңғай аграрлық нарығының құрылуымен, Еуропалық экономикалық қауымдастыққа үш мемлекеттің: Дания, Ұлыбритания, Ирландияның кіруімен ерекшеленді.

ЕЭҚ-тың құрылуының мақсаттары: [1]

- Қатысушы елдер арасындағы саудалық шектеулерді алып тастау;
 - Үшінші мемлекетпен сауда үшін жалпы кедендік тариф орнату;
 - «Адам, капитал, қызмет» қозғалыстарына деген шектеулерді алып тастау;
 - Валюталық одақты құру;
 - Салықтық жүйені унификациялау;
 - Заң шығаруды жақындастыру;
 - Экономикалық саясатты үндестіру мақсатындағы принциптер жетегінде жұмыс істеу.
- Осы мақсаттарды іске асыру үшін комплексті басқару құрылымы – ЕЭҚ министрлер

кеңесі, Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясы, Еуропалық кеңес, Еуропалық Сот, Еуропалық Парламент құрылды. ЕЭҚ келісімі өз қамтитын салаларын кеңейтіп, енді, ЕЭҚ-тың қызметтер саласына болат және атом өнеркәсібінен басқа ауыл шаруашылығы, транспорт, ғылыми зерттеулер, әлеуметтік, өнеркәсіптік және экономикалық саясат жатты.

Бұл кезеңде басқа да маңызды құжаттардың бірі – Рим келісімі қабылданды. Ол ортақ сауда саясаты мен ортақ тарифті енгізуді қарастырды.

Рим келісімінің басты мақсаты «Ортақ нарықты құру және мүше мемлекеттердің прогрессивті экономикалық жақындасуы арқылы Қауымдастықтағы экономикалық қызметтің бірыңғай үндестікте дамуына, үзіліссіз және балансты өсуіне, тұрақтылықты өсіруге, қамтитын мемлекеттердің тығыз қарым қатынасын және өмір сүру деңгейінің көтерілуіне жағдай жасау» еді. Өз кезегінде, ол: [2]

- Мүше-мемлекеттер арасындағы кедендік салықтарды және саудадағы сандық шектеулерді, сонымен қатар осы жағдайға эквивалентті шараларды жою;
- Мүше-мемлекеттер арасындағы адамдардың, қызмет пен капиталдың еркін қозғалысына кедергілерді алып тастау;
- Мемлекеттік субсидийлерді басқару;
- өндірістік стандарттарды үндестіру;
- қосымша салық құрылымдарын үндестіру, салық базаларын басқару;
- белгілі бір ұлттық тиістілікке байланысты дискриминацияны жоюды қамтыды.

Алға қойылған міндеттерді шешу және оларды іске асыру үшін Келісім ЕЭҚ-тың институционалды құрылымын: Кеңес, Парламент және Сот, Комиссияны негіздеді. Келісім қауымдастықтың шеңберінде интеграциялық үдерістің заң шығарушы базасын ұйымдастырып, мүше мемлекеттердің экономикалық саясатын координациялау керек еді.

Бұл кезеңде саяси мұраттарды қоспаған экономикалық интеграция моделі мемлекеттердің экономикалық көрсеткіштерінің өсуіне алып келіп, өзге батыс еуропалық елдердің назарына түсті. Бастапқы кезеңнің бас құндылығы – жарты ғасырдан астам даму жолын өткен қауымдастықтың негізін салушы алты мемлекеттің біреуі де ұйымнан шықпау – қауымдастықтың Еуропа елдері арасында танымалдылығы деңгейін көтерді.

Рим келісімінің ережелері «төрт негізгі еркіндікке», яғни тауардың, адам, қызмет және капиталдың еркін қозғалысына қол жеткізуге бағытталды. Осылардың ішінен басты бағыт ретінде – тауардың еркін қозғалысы ерекшеленді. Жұмыс күшінің мобильдігі мәдениеттік, тілдік ерекшеліктерге, әлеуметтік қамсыздандыруларға байланысты шектеулі түрде дамиды деп болжам жасалды. Іс жүзінде бұл болжам расталды.

Капиталдың еркін қозғалуы Келісімнің 67 тармағына сәйкес [2] «Ортақ нарықтың қызмет істеуіне байланыста қаншалықты қажет, соншалықты тиіс қозғалды», яғни ағымдағы операцияларға байланысты болды. Бұл шектеулер үкіметтің ақшалай және фискальды саясатындағы қатаң бақылауымен түсіндірілді. Қауымдастық шеңберіндегі капиталдың мобильдігі мүше-мемлекеттер үшін ұлттық ақшалай құралдардың эффективтілігіне үлкен қауіп болып есептелінді.

ЕЭҚ кедендік одақты құру арқылы кедендік тарифтерді өзара сауда үшін сатылы түрде төмендету жолын таңдап алды. Алғашқы төмендету, 1 қаңтар 1959 жылы – 10%-ға болды. Сонан соң 20 %-ға төмендеп, кейінгі жыл сайын 10 %-ға төмендеп отырды (тек 1965 ж басқа). Нәтижесінде, 1968 ж 1 шілдеде қауымдастықтың кедендік шекаралары жойылып, сыртқы шекарада ортақ кедендік тариф (ОКТ) енгізілді. [3] ОКТ-ның баж салығы Рим келісімінің 19 тармағындағы 1957 ж ЕЭҚ-тың негіздеуші мемлекеттердің ортақ арифметикалық баж салығымен анықталды.

Рим келісімі бойынша бір жарым жыл бұрын құрылған Еуропалық кедендік одақтың ерекше тұстарының бірі – ішкі кедендік баж салықтары мен сандық шектемелер алынып тасталынса да, кедендік бақылаудың және затты рәсімдеудің қиын тәртібі және тауардың еркін қозғалысына кедергі жасайтын ұлттық заңнамада белгіленген шектемелер сақталынып қалды. ЕО шеңберінде толықтай кедендік барьерлер 1994 жылы ғана күшін жойды.

Өзінің алғашқы мақсаты ретінде ЕЭҚ мүше-елдердің тауарлары, капитал, қызмет және жұмыс күшінің ортақ нарығын ұйымдастыруды айқындады. Сол мақсатта Кедендік Одақ құрылды. Кедендік Одақ шеңберінде: [1]

- Қатысушы елдер арасындағы өзара саудадағы шектеулер жойылды.
- Үшінші мемлекет тарапына бірыңғай кедендік тариф енгізілді.
- Капитал, кредит, ақшалай аудармалар, қызметтер көрсетудің еркін қозғалысына қол жеткізілді.
- Жұмысшылар күшінің еркін миграциясы және өмір сүру жерін еркін таңдау қамтамасыз етілді.

Бұл шаралардың бәрі де өнеркәсіптік интеграцияның тездетілуіне әсер етті. Сонымен қатар, аграрлық интеграцияға да ауыл шаруашылық қорлары арқылы қол жеткізуге тырысты. ЕО-ның аграрлық саясаты ЕО елдері үшін көптеген тауарлардың бағасының төмендеуіне мүмкіндік беретін бірыңғай бағалар арқылы жүзеге асады.

Екінші кезеңге 70 жылдардың ортасы – 80 жылдардың ортасы уақыт аралығын жатқызамыз. Ұлыбритания 1960 жылдары біртіндеп жанданып жатқан континентальді Еуропаға қатысты сыртқы саясатын қайта қарастырған болатын. Алайда, Ұлыбританияның ЕЭҚ-қа қосылудың ресми ниеті 1963 ж және 1967 ж Франция тарапынан қарсылықпен кездесті. Қарсылықты генерал де Голль Ұлыбритания Еуропалық қауымдастықтың жағдайын әлсіретеді деп түсіндірген болатын. Франция деколонизация үрдістерін аяқтаған кезде Ұлыбритания өз колонияларымен және АҚШ-пен ерекше қатынастарын сақтап отырған болатын. Дегенмен, бұл Ұлыбританияның ЕЭҚ-қа кіруіне қарсы жалғыз себеп болған жоқ: сонымен қатар, британдық аграрлық саясаттың Еуропаның бірыңғай аграрлық саясатына сәйкессіздігі, Қауымдастық мүдделерінің басымдығын мойындаудан бас тарту, 1967 жылғы девальвациядан кейін фунт стерлингтің әлсіздігі және британ қарыздарының өсуі ескерілді.[4] Бұл фактілердің барлығы Еуропалық қауымдастық бойынша өзге әріптестердің экономикаларына тұрақсыздық қаупін тудырған болатын. Француз үкіметінің ұстанымы ЕЭҚ-тың өзге мүшелері тарапынан наразылық шақырып, Францияның белгілі бір дәрежеде оқшаулануына әкелді. Осы уақытта Ұлыбритания және Қауымдастыққа қосылмаған бірқатар басқа елдер Еуропалық еркін сауда ассоциациясын (ЕЕСА) құрды. Сөйтіп, Ұлыбритания, Дания және Ирландияның интеграциялық қауымдастыққа енуі кейінге қалдырылып, тек 1972 жылы жүзеге асты.

Бұл кезең ЕО-ның тарихындағы тоқырау кезеңі деп белгіленді. Себебі, Рим келісімінде келісілген мерзімге дейін эффективті және салмағы бар ортақ нарық құрыла қоймады. [3] Ол 1971 ж Бреттон-Вуд жүйесінің құлауынан кейін, 1973, 1978-79 жылдарды қамтыған әлемдік энергетикалық дағдарыстан кейін, 80 ж басындағы экономикалық дағдарыстан себептерінен 70 ж – 80 жылдардың басында да құрыла қоймады. Үлкен рөлді мұнда «Люксембург компромиссі» де ойнады. Ол кез келген мемлекеттің енуіне кедергі қоятын қауымдастық негіздеушілеріне де-факто құқық берді. Кезеңде пайда болған негативті тенденциялар еуропалық қоғамдастықтың дағдарысына әкелді және бұл құбылыс тарихқа «евросклероз» деген атаумен енді. [5]

ЕО-да пайда болған мәселеге байланысты сыртқа бағытталған және протекционистік тенденциялар пайда болып, әрбір мүше оқшауланған әрекеттер жасай бастады. Қауымдастықтың алдында қол жеткен интеграция жетістігін сақтап қалу және жоғарыда айтылған тенденцияларды жою жаңа мәселесі қалыптасты.

Осы жағдайларға қарамастан, бұл кезеңнің де қауымдастық прогресінде алатын орны ерекше. Мысалы, бұл кезең ЕО-ның критикалық ситуациядан шығуға мүмкіндігі барлықты, әрі саяси еркі бар ұйым екендігін анық байқатты. Сонымен қатар, 70 жылдары қауымдастықта интеграцияның даум тенденциялары да болды. Бұл кезеңде ЕО мүшелері еуропалық валюталық ынтымақтастық бағдарламасын, сыртқы саяси кеңесі механизмін құруға мүмкіндігі туды. 1974 жылдан бастап қауымдастықтың жаңа органы – Еуропалық кеңес жұмыс істей бастады(оның статусы Бірыңғай еуропалық актпен (БЕА) тек 1986 жылы тіркелді).

1975 ж Аймақтық дамудың еуропалық фонды (АДЕФ) құрылды. 1979 жылы Еуропалық валюталық жүйе ісіне кірісті. Оның басты элементтеріне мүше мемлекеттердің ұлттық валютасының және Ортақ валюталық бірлік – ЭКЮ айырбастау курсы қолдау болды. Сол жылы Еуропалық Парламентке тікелей сайлау өтті. Осыған байланысты, кедендік одақ экономикалық одақтың элементтерін игере бастады. [6] Алайда, мүше мемлекеттердің арасында координация саясаты минималды болып қала берді, бұл жағдай ортақ нарықты Рим келісімдегі мерзімге қарамастан, 12 жылда да құруға мүмкіндік бермеді.

70 ж және 80 ж басында ЕО елдері арасындағы даму деңгейіндегі алшақтық көбейе түсті. 1981 ж одаққа Грецияның енуінен бұл тенденция одан да артық біліне бастады. Себебі, оның экономикасы басқа елдермен салыстырғанда төмен дамыған еді.

Үшінші кезең, 80 ж екінші жартысы – 90 ж басы батысеуропалық экономикалық интеграциясының эволюциясы. Бұл кезеңде қауымдастық «Ортақ нарықты» құрылу үдерісін аяқтауға кірісті. Рим келісіндегі «Ортақ нарық» ұғымы «Бірыңғай ішкі нарық» болып өзгертілді. Мазмұны бойынша бұл екі ұғым да бір, себебі, олар бір мақсатты: ЕО масштабында тауардың, халықтың, қызметтің және капиталдың еркін қозғалысына мүмкіндік беретін біріктірілген эффективті нарықты құруды көздейді.

Бұл кезеңде ЕО Комиссиясы «Еуропалық құрылысқа» жаңа импульс беретін екі түрлі жобаны қарастырды: еуропалық ішкі нарықтың (ЕІН) құрылуын аяқтау және экономикалық валюталық одақты (ЭВО) құру. Соңғы жоба қызығарлықтай келешекті сипаттағанмен, нәтижесінде, алғашқы жоба – ЕІН-нің құрылуын аяқтауда жоспарлар әзірлеу қабылданды. Оған бірнеше себеп болды: біріншіден, ағымдағы кедендік одақ тұрғысында ішкі нарықты құру мүше мемлекеттердің суверенитетіне (ЭВО-ты құруымен салыстырғанда) қауіпсіз болды, сондықтан бұл жоба ұлттық үкіметтің және халықтың негативті реакциясын көтермеу керек еді. Екіншіден, ЕІН жоюасы үлкен шығынға мұқтаж болмады, керісінше, ол үлкен пайда әкеледі деп жоспарланды. [7]

ЕІН-тың құрылу мәселелерін шешу үшін Комиссия 1985 ж басылып шыққан «Ақ кітап» кейпіндегі (White paper) практикалық әрекеттер бағдарламасын әзірледі. Ол 7 жылдық мерзімге саналып, экономикалық саясаттың барлық бағыттарын қамтыған 300- ге жуық анық қадамдар мен шараларды орындау мерзімімен бірге сипаттады. [3]

Бұл бағыттың құқықтық базасы 1986 жылы ақпанда қол қойылып, 1987 жылы 1 шілдеде күшіне енген – Бірыңғай еуропалық акт болды. Ол үш қауымдастықтың құрылуына себеп болған негіздеуші келісімге өзгерістер әкелді. [8] Бұл акт қауымдастықтағы шешімді қабылдау эффективтілігін арттыру үшін ұлттық заңнаманы үндестіру мақсатында білікті көпшілікпен сайлау мәселесін көтерді. Сонымен бірге, нормативті актілер мен техникалық стандарттарды өзара мойындауды үндестіру жолдары қабылданды.

Еуропалық ішкі нарықтың құрылуын аяқтау бағдарламасын қабылдау тек тауардың ғана емес, сонымен бірге адамның, капиталдың және қызметтің еркін қозғалысын қамтамасыз ететін техникалық, салықтық, құқықтық және әкімшілік кедергілерді алып тастауды мақсат етті. Осы жолмен қауымдастық нарығының фрагменттелуін жоюды және АҚШ пен Жапонияның ірі компанияларымен бәсекеге қабілетте «паневропалық» компанияларды құруды жоспарлады. [3] Бағдарламада қауымдастықтағы бәсекені басқару, аймақтық, әлеуметтік және валюталық саясатқа көп назар қойылды.

Бірнеше ерекшелікпен, қабылданған бағдарлама өзінің мерзіміне сай 1 қаңтар 1993 жылы орындалды. Салыстырмалы түрде, ЕЭҚ-тың бірнеше заңдық актілері және шешімдері орындалған мерзімінен кеш күшіне еніп, үлкен уақытты талап етті.

Сонымен қатар, бұл кезең – Одақ мүшелерінің құрамының кеңею кезеңі. 1986 жылы Испания мен Португалияның одаққа қосылуы мүшелер арасындағы диспропорциялардың ұлғаюына әкелді. ЕЭҚ-қа кіру кезінде Португалияның жан басы табысы – ЕЭҚ-тың орташа көрсеткішінің жартысын, ал Испанияда $\frac{3}{4}$ бөлігін қамтыды. Жаңа қатысушы елдерде ауыл шаруашылығында халықтың $\frac{1}{5}$ жұмыс істесе, ал ЕЭҚ-та $\frac{1}{30}$. [9]

Бұл мемлекеттердің қауымдастыққа кіруінің экономикалық себеп емес, негізінен саяси себебі басым болды. Еуропалық қауымдастықтың осы жаңа мүшелерінің әрқайсысына

әртүрлі уақытта биліктің диктаторлық режимдері тән болды. Испания ЕЭҚ-қа кіру ниетін алғаш рет 1962 жылы білдіргенімен, оның кандидатурасы ресми түрде қабылдану үшін Франко генералының билігінің ауысуын күтуге мәжбүр болды. Осы күнге дейін қауымдастықтың экономикалық және әлеуметтік көркеюге ұмтылысымен қатар демократиялық құндылықтарын қатаң ұстанатындығын дәлелдеу қажет. Грекия, Испания, Португалияның ЕО-ға кіруі аталмыш елдердің парламенттік демократияға оралуымен бірге жүрді. Бұл факт қауымдастық негіздеген құндылықтарға қатысты еуропалық талаптар ішінде ең маңыздыларының іске асуының нақты дәлелі бола алады.

Интеграция үшінші кезеңінің нәтижесінде, қауымдастыққа қосылу үміткер мемлекеттер үшін екі жаңа талап пайда болды:

– Ортақ күш салу арқылы ЕЭҚ елдерімен салыстыруға мүмкіндік беретін экономикалық даму және қоғамның демократиялануына қол жеткізе алатындығын дәлелдеу;

– Осы мемлекеттермен бәсекелесу салдарынан зардап шеккен салаларға көмек көрсету шараларын жасау; [10]

Осы кезеңде ЕЭҚ-тың ардагер мүшелерінде ауыл шаруашылық өнімдерін төмен бағамен сататын Испания және Португалиямен сауда саласындағы бәсекелестік проблемалары пайда болды. Жаңа қатысушылар мен алғашқы тоғыз мүшенің дамуындағы айырмашылықтар бюджет проблемаларын әкелді. Сондықтан, осы елдердің француз және итальян аграрлы өнімдерімен бәсекелестігін болдырмау мақсатында бесжылдық өтпелі мерзім енгізілді. Одан басқа, осы үш мемлекеттің қабылдануы Магриб елдерінің алаңын тудырып, жреортатеңіздік саясатты қайта қарастыру қажеттілігі пайда болды.

Алайда, осы кезеңде интеграцияға жаңа импульс берген Бірыңғай Еуропалық акт(БЕА) қабылданды.

БЕА-да қауымдастық елдерінің ортақ мақсаты – қоғамдастық мүшелерінің альянсы ЕО-ны құру туралы жарияланды. Бұл альянс елдердің тек экономикалық, валюта-қаржылық, гуманитарлық ынтымақтастығымен шектелмей, сонымен қатар, сыртқы саясатты үндестіру, қауіпсіздікті қамтамасыз етумен айналысуы керек еді. [3] Осы актінің қабылдануынан кейін елдер арасындағы интеграция процестері мына сфераларда белсендірек өте бастады: макро-микро экономика, құқық, саясат, ғылым және экология, аймақтық даму мен әлеуметтік қатынастар.

90 жылдардың басында – ЕО елдері бірыңғай нарықты құрау үдерісін аяқтап, валюта-экономикалық және саяси одақтарды құруға дайындығын білдірді. Осымен бірге, еуропалық ішкі нарықтың қауымдастық шеңберінде пайда болуы іске асқан ақиқат болып, бұл оқиға интеграция үдерісінің тереңдеуіне мүмкіндік берді.

Төртінше кезең 90 ж ортасы – ХХІ ғ басы, бұл кезеңнің басты оқиғасы – бірыңғай экономикалық, саяси және валюталық одақтың құрылуы. Бұл бұрын қабылданған ЕЭҚ регламенттеріне өзгеріс енгізуін талап етті.

ЕЭҚ-ты жаңарту шаралары мен міндеттері БЕА-ның шешімдерін толықтырған Делорда көрсетілді. [3] «Делор пакеті» ЕЭҚ-ты жаңартудың үш түрлі бағытын анықтады: ЕО кеңістігіндегі капитал қозағылысн толық либерализациялау; мүше мемлекеттердің қаржылық нарықтарын біріктіру; ұлттық валютаның айырбастау курсы қатаң бекітіп және курстар арасындағы айырмашылықтарды нөлге апарып, бірыңғай еуропалық валютаға өту. 1990 ж 1 шілдеден Қауымдастық бағдарламаны жүргізуді бастады. Формальді түрде, ол 7 ақпан 1992 ж Маастрихтте қабылданған ЕО туралы келісіммен шектелді.

Маастрихт келісімінің басты мақсаты – «В» тарауына сәйкес 90 жылдардың соңына қарай экономикалық және валюталық одақ құру болды. Келісім мүше елдердің ортақ экономикалық және валюталық саясат жүргізуін және бірыңғай валюталық бірлікті енгізуді қарастырды. Бұл саясатты жүргізу үшін Орталық банктердің Еуропалық жүйесі құрылды. Сонымен қатар, Маастрихт келісімінің басты міндеттеріне еуропалық азаматтықты енгізу, Еуропарламенттің құзыретін кеңейту, ортақ сыртқы және қауіпсіздік саясатына өту, экономикалық және әлеуметтік сфераларда ынтымақтастықты кеңейту жатқызылды. [11]

1996 ж мақсаты Маастрихт келісімінің кейбір жағдайларын қайта қарастыратын

Үкіметаралық конференция шақырылды. 1996 ж Туриндегі және 1997 ж Амстердамдағы конференциялардың нәтижесі – Еуропалық одақ туралы келісімінің жаңа редакциясының қабылдануы болды. Бұл келісім «Амстердам келісімі» болып аталынды. Бұл саммитте осыдан бұрын қабылданған экономикалық және валюталық одақты құру мерзімі белгіленіп, тұрақтылық және даму пактісіне қол қойылды. [3]

Маастрихт келісімі бойынша(1992 ақпан) ЕЭҚ 1994 ж 1 қаңтардан Еуропалық Одаққа айналды. ЕО шеңберінде бірыңғай ішкі нарық қалыптасады. Евро 2001 ж қаңтарынан бастап экономикалық және валюталық одаққа енген мемлекеттердің ақша бірлігі болып танылды.

Еуропалық интеграция кезеңдерін анализдеу арқылы біз келесі тұжырымға келе аламыз «ЕО өзінің пайда болу кезеңінен бастап интеграциялану үрдісі жеңіл формадан, еркін сауда аймағынан – кедендік одақ пен ортақ нарыққа – экономикалық және валюталық одаққа трансформацияланды».

Шығыс бағытына кеңею арқылы ЕО өзінің ресурстық потенциалын арттырды: шекарасы 34 %-ға, ал халқы – 104,9 млн адамға көбейді. [3]

Осылай, ЕО бүгінде ірі нарықтардың біріне айналды. Еуропадағы ортақ нарықтың құрылуы іс жүзінде жарты ғасырдай уақытты алып, саяси қатынастарда ЕО-ның Еуропа кеңістігінде гегемониясын орнатты. Бұл жағдай оның халықаралық статусына жаңа сапа беріп, позициясына басыңқы рөл ұсынды. Өзінің құрамына Орталық және Шығыс Еуропа елдерін қосу арқылы ЕО жаһандық шешімдерді қабылдауда ірі халықаралық ұйымдар арасында(ХСҰ, ХВФ, НАТО) айрықша белсенді рөлге ие бола бастады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Еуропалық экономикалық қауымдастықты(1957 ж) құрушы келісім мазмұны.// http://eurlex.europa.eu/en/treaties/new_founding_treaties.htm#founding
2. Рим келісімінің электронды мазмұны./ <http://eulaw.ru/content/569>
3. Гагарина Г.Ю, Громько В.В., Окрут З.М., Сагинова О.В. Экономика Европейского союза: - М.: Экономисть,2003.
4. Панин В. Европейская интеграция: проблемы и перспективы. Мн: ЕГУ, 2006.
5. Секенова Б.Н. История становления и развития Европейского союза//Тұран университетінің хабаршысы №4, 2011, б.78-80
http://www.ceusr.sfedu.ru/files/monofrafi/1Borko_Butorina_Istoriya_ES.pdf
6. Тимофеев П. Эволюция институтов ЕС и роль Франции (1990-2000)/ Мировая экономика и международные отношения №7, 2011, б.58-70
7. Троицкий М. Европейский союз в мировой политике // <http://intertrends.ru/five/004>
8. Бірыңғай еуропалық акт (1986 ж) мазмұны.// <http://eurlex.europa.eu/treaties/index.htm#founding>
9. Алеманн Э. Политическая система ЕС// Актуальные проблемы Европы, №4,2007
10. Шмелев Н.П. Европа:вчера, сегодня, завтра. // - М.: Экономика, 2004.
11. Маастрихт келісімінің электронды мәтіні (1992) // <http://eulaw.ru/treaties/teu>

УДК 327.(51)

НОВЫЙ ШЕЛКОВЫЙ ПУТЬ: ОДИН ПОЯС – ОДИН ПУТЬ

Беккалиева АнараСагатовна

anara-bekkalieva@mail.ru

Студент ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, факультета международных отношений,
специальности «Регионоведение», Астана, Казахстан

Научный руководитель - Касенова Б.Б.

Китайская пословица гласит: «Хочешь быть богатым – строй дороги» Новый шёлковый путь - супермагистраль для перемещения грузов и пассажиров по суше, по морю